

**"Кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 298 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 215 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 мамырда № 18749 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 298 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17257 болып тіркелген, 2018 жылғы 8 тамызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі кәсіпшілік күш-жігер нормативтері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2019 жылғы " \_\_ "  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығына  
қосымша

### Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің кәсіпшілік күш жігері нормативтері

№	Су айдындары	Аулардың саны		Жылымдардың/қабадалардың саны		Балықшылардың саны		Кемелердің саны**		Қайықтардың саны	
		Бір к/у*	Барлық к/у	Бір к/у	Барлық к/у	Бір к/у	Барлық к/у	Бір к/у	Барлық к/у	Бір к/у	Барлық к/у
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Халықаралық маңызы бар су айдындары											
1	Жайық өзені	-	-	2	32	20	320	2	32	6	96
2	Қиғаш өзені	-	-	4	28	20	140	2	14	6	42
3	Каспий теңізі (Теңізде аулау)	300	5400	300	5400	30	540	2	36	6	108
4	Жайсан көлі	400	2800	7	49	118	826	14	98	24	168
5	Бұқтырма су қоймасы	183	3477	3	57	50	950	3	57	10	190
6	Шүлбі су қоймасы	85	850	1	10	20	200	1	10	4	40
7	Шардара су қоймасы	-	-	4	16	24	96	4	16	4	16
8	Кіші Арал теңізі	400	7000	2	36	40	720	2	36	20	360
9	Сырдария өзені	150	600	1	4	15	60	1	4	4	16
Қапшағай су қоймасы											
№	Бір балықшыға аулардың саны, дана	Керме аулардың сүйретпелердің) саны		1 шақырым учаскенің ұзындығына балықшылардың саны ***		Кемелердің саны		1 шақырым учаскенің ұзындығына кемелердің саны ***			
10	15	10		2		10		2			
Республикалық маңызы бар су айдындары											

11	Алакөл көлі	40	360	1	9	10	90	1	9	4	36
12	Сасықкөл көлі	20	300	1	15	10	150	1	15	4	60
13	Қошқаркөл көлі	60	60	2	2	20	20	-	-	4	4

Балқаш көлі

№	Аудан нөмірі	Аулардың саны, дана	Керме аулар саны, дана	Балық аулаумен айналысатын балықшылар саны	Саны, бірлік	
					Моторлы қайық	Балық аулау кемелері
1	2	3	4	5	6	7
1	1	314	15	106	11	30
2	2	403	10	80	13	20
3	3	527	11	92	17	22
4	4	431	7	64	15	14
5	5	276	1	20	9	2
6	6	545	5	57	18	10
7	7	473	2	36	16	4
8	8	201	1	16	7	2
9	9	201	1	16	7	2
10	10	101	1	11	3	2
11	11	128	-	6	4	-
Барлығы		3600	54	504	120	108

Ескертпе:

\*к/у – кәсіптік балық аулау учаскелері;

\*\* – кемелер ретінде шағын көлемді кемеден басқа балық аулауға қолданылатын барлық кемелер түрі пайымдалады;

\*\*\* – балық шаруашылығы учаскесінің паспортына сәйкес жаға бойынша учаскенің ұзындығы.